

Энергетикалық кәдеге жаратуға жатпайтын қалдықтардың тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2021 жылғы 18 наурыздағы № 70 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 19 наурызда № 22366 болып тіркелді

2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 17-бабының 28-15) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Энергетикалық кәдеге жаратуға жатпайтын қалдықтардың қоса беріліп отырган тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Қалдықтарды басқаруда мемлекеттік саясат департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Экология, геология және
табиғи ресурстар министрідің м.а.

E. Нысанбаев

Қазақстан Республикасының
Экология, геология және табиғи
ресурстар министрідің м.а.
2021 жылғы 18 наурыздағы
№ 70 Бұйрығымен
бекітілген

Энергетикалық кәдеге жаратуға жатпайтын қалдықтардың тізбесі

№ п/п	Энергетикалық кәдеге жаратуға жатпайтын қалдықтардың атауы
1	Сұйық қалдықтар

2	Жарылатын, коррозиялы, қышқылданатын, өрт қаупі жоғары немесе өрт қаупі бар қауіпті қалдықтар
3	Медициналық немесе ветеринариялық мекемелердің жүқпалы болып табылатын қалдықтары
4	Жойылмайтын органикалық ластаушыларды қамтитын қалдықтар
5	Пестицидтер
6	Құрамында сынап бар лампалар мен аспаптар
7	Электрондық және электр жабдықтары
8	Тұсті және қара металдар сыныктары
9	Литий, қорғасын-қышқыл батареялары
10	Құрылым материалдарының қалдықтары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК